



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ӨОЖ 340

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Иманғалиев А.Т.

t11.2013@mail.ru

Астана қ., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Тарихмамандығының 2-курс студенті

Ғылыми жетекші - т.ғ.д., профессор Оразбаева А.И.

Өткенді білмей, болашақты болжау мүмкін емес, деген халық даналығы бар. Тарих – бұл халықтың бүгіні мен болашағын айқындайтын бірден-бір маңызды көрсеткіш. Тарих – тұтас халықтарға, ұлттар мен ұлыстарға тән табиғи заңды құбылыс. Әр халықтың маңдайына біткен тағдырлы жолы осы тарих қойнауынан тамыр тартады. Сондықтан да, төл тарихын ұлықтап, ата-бабалар салған сара жолды ұстанған халық қана кемел келешекке нық сеніммен қадам басары анық. Бабалар мұратын жалғастырып, ел аманатын арқалап келе жатқан Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында айтылған Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын, Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтетіндігімізді, ал бұл ұлттық таным-тарихымызды терең зерделеп, құнды жәдігерлерімізді ел жадында қайта жаңғырту және де бүгінгі күннің бедері – сан ғасырлық тарихи кезеңдердің дәйекті жалғасы екендігін атап көрсетті [1].

Қазақ хандығы жайлы мәселе қозғалғанда сол кезеңді Қазіргі Тәуелсіз Қазақстан кезеңімен «тарихи сабақтастықта» қарастыру бұл тарихшылардың алдындағы басты қағида болып табылады.

Ал «тарихи сабақтастық» сөзіне келер болсақ, бұл ұғым әрдайым да өткен тарихпен қазіргі тарихтың арасындағы көпір іспеттес. Бұл ұғым өткен тарихпен сабақтастықтың жоғалмаған жағдайында біртұтас рухани дүние қалыптасады. Уақыт сабақтастығын жіті тани білген тарихшы тарих тұңғышына бойлап, ұлт тағдырының халық қасіретінің қилы кезеңін суреттеу арқылы оқырмандарының бүгінгі күннің міндеттері мен ертеңгі күннің бағыттары туралы ой сілтемесіне жетелейді. Сол себепті тарихи сабақтастық үзіліп қалып, кейбір тарихи кезеңдерінің белгісіз болып отыруы да дәлел [2].

Қазіргі Қазақстан мемлекеті қазақ жерінде саяси іргелі дәстүрлер негізінде ғасырлар бойы жалғасып, кемел қалыптасқан, ХХІ-ші ғасырда жоғары дамуға бет алған заманауи елдердің қатарында тұр. Бүгінгі күндегі жаңа өзгерістер тудырған басты фактор – біздің мемлекеттің саяси тәуелсіздігіміз. Сондай-ақ, Қазақстанның мемлекет ісіне қатысты ұлттық-саяси дәстүр жалғастығы да басты фактор болып табылады. Бұл мәселе Қазақстанның аумағында ежелгі сақ, ғұн, қаңлы, үйсін, түрік, арғы қазақ заманы мен бергідегі Қазақ хандығының мемлекет ісін ұйымдастыру құндылықтарымен тікелей байланысты екені баршамызға аян.

Елбасымыздың: «Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көктүріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп тәуелсіздікке тіреледі», - деген Ұлытауда айтылған сөздерінде мемлекеттілік дәстүр сабақтастығының негізгі кезеңдері анық көрсетілген [3].

Қазақ хандығы сол заманда озық басқару тәртібімен құрылған, түрік мемлекеттерінің заң шығару, құқық жүйесін ұйымдастыру дәстүрлеріне сүйенді. Шыңғыс ханның Жасақ заңы, Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәуке ханның Жеті Жарғысы – қазіргі заман мемлекетінің стратегиялық бағдарламасы тәрізді мемлекеттің маңызды құжаты

болды. Моңғол билігі әлсіреп, Алтын Орданың құлдыраған кезінде кең-байтақ даланы мекендеген өзбек-қазақ-ноғай халықтарының құрамына кірген халықтар өздерінің жеке дара мемлекеттерін құрды. Көк Орда, Әбілхайыр хандығы, Моғолстан, Ноғай Ордасы және Сібір хандығының құрылуы осы территорияны мекендеген халықтардың этникалық және тіл, рухани байлықтарының бірігуінің бастауына айналды. Қазақ хандығының экономикалық негізі қазақ рулары Әбілхайыр хандығы, Моғолстан, Ноғай Ордасы мен Батыс Сібір хандығының қол астында төрт хандыққа бөлшектеніп отырған.

Қазақ халқы, қазіргі Қазақстан аумағында ескі заманнан жасап келе жатқан ұлт, сондықтан мемлекет қазақ атымен аталады. «Қазақ» атауына байланысты Құрбанғали Халид «Тауарих Хамса» еңбегінде «қашақ», «хазлах», «қыз және ак» сөздерінен шығарады [4], ал Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и рашиди», Қадырғали би Қосымұлының «Жамиат-тауарих» (Жылнамалар жинағы) еңбектерінен «Қазақ» атауына қатысты көптеген түсініктерді алға тартты. Қазіргі Қазақстан мемлекеті ата-бабалардың ескі жұртында, қазақ халқының ежелгі жерінде құрылды. Аталған жерде әр кезеңде этникалық-саяси бірлестіктерді құрып, сансыз тайпалар өмір сүрді: скифтер, сарматтар, ғұндар, сақтар, үйсіндер, қарлұқтар, қыпшақтар, арғындар, наймандар, керейлер, алшындар, дулаттар және т.б. Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту – сол азаттық сыйлаған бабаларға деген құрмет деуінің өзінде үлкен терең астар бар. Арғы тарихта Қазақ хандығын құру – Дешті Қыпшақтың кең байтақ аумағында өткен әлеуметтік-экономикалық және этностық-саяси үдерістерінің заңды нәтижесі болып табылады [5].

Халқымыздың ертеңін ойлаған, болашағын болжаған хандарымыз бен билеріміз сол кездің өзінде-ақ еліміздің дәулеті мен сәулетін, ынтымағы мен қауіпсіздігін арттыру бағытымен жүріп, оны жалпақ қазақ даласына жариялап отырған. Қасым ханның, Есім ханның жолдары мен Тәуке ханның «Жеті жарғысы», міне, осындай ізгілікті мақсаттардан туындаған игілікті шаралар еді. Мүлік заңы, қылмыс заңы, әскери заң, елшілік жоралары, жұртшылық заңын тарау-тарауымен талдай отырып, күнделікті өмірге енгізген Қасым ханның ережелер жиынтығы халық арасында жоғары ілтипатпен «Қасым ханның қасқа жолы» атанып, ол XVII ғасырда хандық құрған Есім ханның «ескі жолына» ұласты. Тарихтан білетініміздей, Есім хан Қасым ханның ғасырлар бойы сұрыпталып, орныққан осынау өміршең ержелерін өзгеріссіз пайдаланып, ел ішінде жаппай қолданды, әрі оны өз заманының қажеттілігіне орай жетілдіріп, жүйеледі. Сөйтіп, оны халық «Есім ханның ескі жолы» деп атап, ел ортасында әділ төрелік айтып, дау шешіп жүрген би-қазылардың осы ережені білуі міндетті саналды. Ал Тәуке ханның тұсында (1680-1708 ж.ж.) халқымыздың дана билері Тәуке хан басшылығымен бес тараудан тұратын Қасым хан, Есім хан ережелеріне қалмақтың жортуыл-шапқыншылығына байланысты тарихи-саяси жағдайдың аса шиеленіскен қиын кезеңінде тағы да екі тарау қосып, «Жеті жарғы» деп атады. Яғни, Тәуке хан кезінде қосылған екі тарау – жесір дауы мен құн дауы еді.

Ал кейін тәуелсіздік алғаннан кейін Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың барша қазақстандықтарға жыл сайынғы стратегиялық Жолдауларын жариялап тұрады. Стратегия – күннен-күнге, жылдан-жылға елімізді, қазақстандықтардың өмір, тұрмыс-тіршілігін жарқын ете түсетін нақты практикалық істер бағдарламасы. Елбасының бастауымен жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Келешегі кемел Нұрлы жол бағдарламасы ел бірлігін бекемдеп, Мәңгілік Ел – қазақ елінің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі екендігін әлемге айшықтай түсті. Ұлт Көшбасшы Нұрсұлтан Назарбаев атап көрсеткендей: «Мәңгілік Ел» барша Қазақстандықтардың ұлы құндылығы, бұл ұғымның бастауы тым тереңде жатқанын жеткізді. Ел Бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті [6].

Қазақстанның жер мирасы мен шекара сақтау дәстүрі де, беріде ғұмыры төрт жүз жылға жалғасқан Қазақ хандығы, әріде дүниені дүр сілкіндірген Шыңғыс хан құрған түрік мемлекетінен жалғасын табады. Шыңғыс хан және ол құрған түріктің саяси дәстүріндегі ұлыстық мемлекет жүйесі заманында озық дамыған басқару дәстүрін байқатады. Қазақ хандығы да қағанның үлкен ұлы, жолы үлкен әрі сүйікті Жошы ханның үлкен баласы Орда

Еженнің ұрпағынан өсіп өнген төре тұқымдарының қолында тұрды. Тарихшы А.И.Левшин: «қазақ халқы Азияда тәуелсіз, дербес және азат халықпен танымал ежелде басқа түркі халықтарына тең болды» десе [7], қазақтың алғашқы ғалымы Ш.Ш.Уәлиханов қазақтардың бірінші ханы Алаша хан XIV ғасырдың ортасында өмір сүргенін айтты [8], ал XV ғасырдың аяғында қазақ жұртшылығы өзінің саяси қауымдастығын құрды.

Тарихи кешенді деректемелерден байқайтынымыз, қазақ халқының билері, батырлары, ел ақсақалдары, және олардың қолдауымен ақ киізге хан болып көтерілген, ақсүйек төреден шыққан ең бекзат тұқымдары бұрында елдің амандығы, жерге берік болу, шекараны сол замандағы елді қоныстандырып, қорғап тұру қоғамдық институттары қызмет жасап тұрған. Одан кейін Ақ Орда билеушісі Барақ ханның мұрагерлері болған, Қазақ хандығы мемлекетінің іргесін қалаған Керей хан мен Жәнібек хандардың, одан кейін даңқы әлемге танымал қазақ хандары Қасым мен Ақназардың мемлекет жеріне иелік ету, шекарасын айқын ұстау, қорғау ісін бергі заманда болған атақты Абылай хан ұстаған өзінің қырық батырына жер шолғызып, елдің амандығын қамтамасыз ететін қарауыл салтынан да анық байқауға болады.

XV ғасырдың ортасында Дешті Қыпшақ аумағында Қазақ хандығының құрылуы-Қазақстан тарихының ортағасырлық кезеңіндегі ең басты, ең ірі оқиға болып саналады.

Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы өте зор. Бұл оқиға қазақ жеріндегі үш мың жылдай тарихы бар мемлекеттілік тарихының жаңа кезеңіне жол салған ірі оқиға.

Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты ауыз әдебиетінің материалдары көп емес, дегенменде бірнешеуі сақталып қазіргі күндерде ғылыми айналымға енгізілген[9].

Қазақ хандығының құрылуына 1457 жылдан кейін Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріндегі Шу мен Талас өңіріне қоныс аударуы мұрындық болды. Ол кезде Жетісуді билеген Моғолстан ханы Есенбұға (1434-1462) -жылдары билік еткен тұсында қоныс аударған қазақтарды Әбілхайырға қарсы пайдалану үшін қарсы алып, қоныс берді. Алғашқы кезде Қазақ хандығының аумағы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің алабы болып, ежелден осы алапты мекендеген тайпалар Дешті-Қыпшақтан қоныс аударған қазақ аталарымен, руларымен етене араласып кетті. Әбілхайыр хандығындағы аласапыран соғыс салдарынан күйзелген қазақ рулары бұл араға келіп ес жинап, етек жауып, экономикалық тұрмысы түзеле бастады. Мұны көрген Дешті-Қыпшақ көшпенділері Әбілхайыр хан қол астынан шығып, бөгеуін бұзған судай ағылып, Қазақ хандығына келіп жатты [5].

Қазіргі Қазақстанның мемлекет ісін реттеу, ұйымдастыру қызметі жоғары сапалы деңгейде жүргізілуі нәтижесінде, мемлекет өзінің стратегиялық даму сатыларын уақытылы айқындап, бекітіп отыр. Соның арқасында елдің қазіргі даму талаптарына жауап беретін тарихи-әлеуметтік заманауи жағдайы жақсы үйлестірілген. Елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына байланысты есептеу, бақылау, жан-жақты талдау жасау, заң шығару қызметін іске асырады.

Қазіргі Қазақстанда мемлекеттің басшысы – Елбасы азаматтар тарапынан сайланады, Елбасы мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын анықтайды, мемлекеттік биліктің келісіп қызмет істеуін қамтамасыз етеді. 1995 жылғы Президенттің билік мерзімін созып, құзыреттілігін кеңейтуге байланысты жалпы халықтық референдумде, барша қазақстандықтар тәжірибелі саясаткер Н.Ә. Назарбаевқа үлкен сенім білдіріп, жауапкершілік артып, қолдау көрсетті. Бұрынғы тарихта да қайраткерлігімен танылған төре тұқымдары елдің басына күн туған мезгілде елге үлкен сүйеу болған тұлғаларға салмақ түсетін еді.

Қазақ хандығы қазақ халқының ғасырлар бойы сақтап, қорғап келген мемлекеттің нышаны. Ол ұлан – байтақ өңірді мекендеген қазақ аталарының, руларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың этностық аумағының біріктіруде, қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтауда аса маңызды және түбегейлі шешуші роль атқарды.

Қорытындылай келе, Қазақ хандығының құрылуы тарихына қатысты жазба дерек

мәліметтері мен ауыз әдебиетінің материалдарын бір-бірімен байланыстырса, толықтыра, салыстыра отырып қарастырғанда ғана, біз, ұлттық сипаттағы мемлекетіміздің, Қазақ хандығының құрылуы мәселесін терең біле аламыз деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) <http://egemen.kz/> «ЕгеменҚазақстан», 2015, 21 ақпан.
- 2) А.Үдербаев, О. Нақысбеков Ж. Қоңыратбаева және т.б., Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том – Алматы, 2011.
- 3) <http://egemen.kz/> «ЕгеменҚазақстан», 2014, 26 тамыз..
- 4) Халид, К. Тауарих хамса: бес тарих / К. Халид; аударған: Б. Төтенаев, А. Жолдасов.- Алматы: Қазақстан, 1992.- 304 б.
- 5) Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. Т. 1. Бас ред. алқа: М.Х. Асылбеков және т. б.; ҚР Ғылым министрлігі - ғылымакадемиясы, Ш.Ш. Уалиханов атындағы тарих және этнология институты. - Алматы: Атамұра, 1998.- 640 бет.
- 6) <http://egemen.kz/> «Егемен Қазақстан», 2015, 01 ақпан.
- 7) Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). – Алматы, «Санат», 1996. - 656 бет.
- 8) Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы: В 5 т. Алматы, 1985, Т-2, 372 бет.
- 9) Кәрібаев Б.Б. Мұхаммед Хайдар Дулат Қазақ хандығының құрылуы туралы // Материалы Международной научно-теоретической конференции посвященной известному ученому-историку Мухаммед Хайдар Дулати (1499-1551). Тараз 1997.

ОӘЖ 340

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕСІ (деректерге талдау)

Ерденбекова Ж. С.

Jan.e73@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, оқытушы, Астана қ.

Қазақ халқының шығу тегі мен қазақ халқының мемлекетінің құрылуының ара жігін ашып, халықтың шығу тегінің тарихи ғасырлар тереңінен басталып, адамзаттың шығу тегімен тамырласып жататынын, ал мемлекеттің құрылуы белгілі бір тарихи жағдайға байланысты әкімшілік-территориялық жағынан енші алып, жеке шаңырақ көтерген күнінен басталатынын саралап көрсетіп, нақты түсінік орнату бүгінгі тарихи әдебиеттегі маңызды мәселенің бірі болып отыр. Тарихымызда осындай басын ашып айтатын нақтылай түсетін мәселе жеткілікті. Соның ішінде халқымыз үшін үлкен маңызы бар тұсы ол қазақ халқының қалыптасуы. Ал қазақ хандығының құрылуын білу үшін біз әрине қазақ халқының қалыптасуын зерттеуіміз керек. Қазақ халқының қалыптасуының негізінде Қазақ хандығының құрылуының қай жылы болған оқиға екендігін немесе қандай тарихи оқиғамен байланысты болғандығын тауып дәлелдеу біз үшін басты мақсат.

Бүгінгі тарих ғылымы осы мәселені зерттеуде үлкен тарихи жетістіктерге, жаңа тарихи тұжырымдарға жетіп отыр. Тарихшы ғалымдар аянбай тер төгуде. Қаншама дерек көздері табылды.

Алайда тарихшылардың мақсаты тарихымыз зерттелді деп қол қусырып қарап отыру емес. Тарих ғылымымен айналысатын әрбір жас ғалым үнемі өз ғылыми тақырыбын зерттеп ізденісте болуы тиіс. Тарихи фактілер мен жаңа деректерді ашқан сайын тарих ғылымы алға жылжиды. Оның үстіне қазақ халқы келешек ұрпақ үшін ешқандай бұрмаланбаған таза жазылған тарих қалдырамын десе білімді тарихқа жанашыр ұрпақ тәрбиелеуі тиіс.

Жалпы тарих ғылымын зерттеуде біз әрине тарихи деректер мен тарихи оқиғаларға сүйенеміз. Оларды қайдан аламыз. Әрине тарихи деректерден. Нақты тарихи деректер мен